

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 7 қыркүйектегі N 849 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ :**

1. 2006 жылғы 20 наурызда Ташкент қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласындағы ынтымақтастық т у р а л ы

КЕЛІСІМ <*>

*(2006 жылғы 27 ақпанда күшіне енді -
Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені,
2006 ж., N 6, 47-құжат)*

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі,

елдер арасында экономика, сауда, мәдениет, ғылым және техника саласындағы өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту үшін зияткерлік меншікті тиімді қорғаудың маңыздылығын сезіне отырып,

Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымын құратын, 1967 жылғы 14 шілдеде Стокгольмде жасалған Конвенцияның (бұдан әрі - Конвенция) ережелерін негізге ала отырып,

теңдік және өзара тиімділік қағидаттары негізінде зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласында қолайлы жағдайлар жасауға тілек білдіре және онда ынтымақтастықты дамытудың қажеттілігін сезіне отырып, мына төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімнің мақсаты үшін "зияткерлік меншік" термині Конвенцияның 2-бабында көрсетілген мағынада түсініледі.

2-бап

1. Тараптар өз мемлекеттерінің заңнамаларына және олар қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес екі мемлекеттің субъект-резиденттерінің зияткерлік меншік құқықтарына қатысты тиімді шаралар қабылдайды.

2. Зияткерлік меншік саласында бір мемлекеттің жеке және заңды тұлғалары екінші мемлекеттің аумағында осы мемлекеттің заңнамасымен өзінің жеке және заңды тұлғаларына осы уақытта берілген немесе берілетін негіздерде және көлемде нақ сондай құқықтар мен артықшылықтарды, сондай-ақ оларды қорғау тәсілдерін пайдаланады.

3-бап

Тараптар өз мемлекеттерінің заңнамаларына сәйкес ынтымақтастықты мынадай салаларда жүзеге асырады:

1) зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғауға және пайдалануға байланысты мәселелерді үйлестіру;

2) зияткерлік меншік құқықтарын қорғау және осы бағыттағы даму стратегиясын әзірлеу саласындағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіру жөнінде ақпарат алмасу;

3) зияткерлік меншікті қорғау саласындағы іс-шараларды өткізу тәжірибесімен алмасу;

4) оқу, әдістемелік және арнайы әдебиеттермен алмасу;

5) зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласында кадрлар даярлау және олардың кәсіби біліктілігін арттыру;

6) халықаралық ынтымақтастық тәжірибесімен және Тараптардың зияткерлік меншік құқықтарын қорғау бойынша көпжақты халықаралық шарттарға қатысу және осы шарттарға байланысты міндеттемелерді орындау жөнінде ақпаратпен алмасу;

7) Тараптар арасындағы ғылыми-техникалық ынтымақтастықтың жай-күні туралы ақпарат алмасу;

8) зияткерлік меншік құқықтарын қорғау мәселелері жөнінде бірлескен семинарлар, конференциялар өткізу және көрмелер ұйымдастыру;

9) сондай-ақ ынтымақтастықтың басқа да салаларында.

4-бап

Тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдары арасында зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласындағы ынтымақтастық мәселелері бойынша жасасқан шарттардың ережелері осы Келісімнің ережелеріне және Тараптар мемлекеттерінің заңнамаларына қайшы келмеуге тиіс.

5-бап

Тараптар өз мемлекеттерінің заңнамаларына және олар қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласындағы құқық бұзушылықтардың жолын кесу мақсатында тиісті шаралар қабылдайды.

6-бап

Егер екі жақты ынтымақтастықты жүзеге асыру кезінде оларға қатысты құпиялылық сақталуы қажет зияткерлік меншік объектілерін жасау немесе пайдалану көзделсе, онда тиісті келісім-шарттарға немесе келісімдерге құпиялылықты сақтау туралы ережелер енгізіледі.

7-бап

1 . М ы н а л а р :

Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы комитеті;

Өзбекстан Республикасының Үкіметі атынан - Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік патент ведомствосы мен Өзбек Республикалық авторлық құқықтарды қорғау жөніндегі агенттік Тараптардың осы Келісімнің ережелерін іске асыру жөніндегі уәкілетті органдары болып табылады.

2. Уәкілетті органдардың атаулары немесе функциялары өзгерген кезде тараптар дипломатиялық арналар бойынша уақытылы хабардар етілетін болады.

8-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделеді.

9-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру және немесе қолдану кезінде даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда, оларды Тараптар консультация және келіссөздер арқылы шешетін болады.

10-бап

Осы Келісімнің ережелері Тараптардың олар қатысушысы болып табылатын басқа да халықаралық шарттардан туындайтын құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

11-бап

1. Осы Келісім Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны дипломатиялық арналар бойынша алған күнінен бастап отыз күн өткеннен кейін күшіне енеді.

2. Осы Келісім бес жыл мерзімге жасалады және, егер Тараптардың бірде бірі, кезекті бесжылдық мерзім аяқталғанға дейін кемінде алты ай қалғанда екінші Тарапқа өзінің оның қолданысын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарлама жібермесе, келесі бес жылдық кезеңдерге ұзартылатын болады.

12-бап

1. Осы Келісімнің қолданысы тоқтатылған жағдайда, егер Тараптар өзге туралы келіспесе, оның ережелері осы Келісімнің шеңберінде басталған және аяқталмаған іс-шаралардың барлығына қатысты қолданылуын жалғастырады.

2. Осы Келісімнің қолданысын тоқтату жеке және заңды тұлғалардың құқықтары

мен міндеттерін, сондай-ақ Тараптардың осы Келісімнің қолданысы тоқтатылғанға дейін пайда болған зияткерлік меншік объектілеріне қатысты құпиялылықты сақтау жөніндегі міндеттемелерін қозғамайды.

13-бап

Осы Келісім Тараптардың басқа мемлекеттермен зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласындағы екі жақты және көпжақты ынтымақтастыққа қатысуына кедергі к е л т і р м е й д і .

Осы Келісімнің шеңберінде Тараптардың уәкілетті органдары ынтымақтастығының жұмыс тілі орыс тілі болып табылады.

2006 жылғы 20 наурызда Ташкент қаласында, әрқайсысы қазақ, өзбек және орыс тілдерінде екі данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

Өзбекстан Республикасының

Үкіметі үшін